**БЕКІТЕМІН**
Ю.А. Гагарин атындағы
мектеп-лицейінің директоры
_________ Г.А. Тусупова

«29» 10 2025 ж

**«Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ-нің**
2025-2026 оқу жылына арналған мектепішілік бақылау
**жоспары**

**Қараша**

**І. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖӘНЕ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МЕКТЕП ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ**

| Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылау түрі | Бақылау формасы/ әдістері | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы | Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету. | Асхана, ас мәзірі | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау / Асхана құжаттарын тексеру, ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізу | Ай сайын | Махмутова Ш.М. Райымбекова Д.М | ДЖК | Санитарлық талаптарының сақталуын бақылау | Ай сайын |
| ҰБДҚ, «Bilimal» журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуы | Журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуын,электронды журналды толтыру талаптарына сәйкестігін, бағалардың қойылуын анықтау. | Электронды журнал | Фронталды | Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу | Ай сайын | Торгаева А.К. Мельник Д.В. Адамбекова Д.С. | ДЖК | Журналды толтыру туралы есептің күн сайынғы түсірілімі, деректерді талдау | Ай сайын |

**ІІ. ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ**

| Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылау түрі | Бақылау формасы/ әдістері | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабағында | Оқу мен оқытудың тиімділігін анықтау | 1-4-сыныптардағы қазақ тілі | Тақырыптық | Пәндік-жалпылаушы бақылау/ іс- | қараша | Пән мұғалімдері психологтар | ДЖК | Әр тапсырмаларды орындауда | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| инновациялық технологиялардың қолдануы | | сабағы (инновациялық технологиялар) | | әрекеттегі зерттеу | | | | білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін нақты критерийлер мен дескрипторларды дұрыс құру | |
| Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытылуы жағдайын зерделеу (5-11 сыныптар) | Оқушылардың танымдық дағдыларының деңгейін анықтау, мұғалімнің оқыту әдісін зерделеу | 5-9 сыныптар, қазақ тілі және пән мұғалімдері, ҚМЖ | Фронталды | Сыныптық-жалпылаушы бақылау/ ҚМЖ ларды талдау, сабақтарды бақылау | қараша | Директордың орынбасарлары | ДЖК | Әр тапсырмаларды орындауда білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін нақты критерийлер мен дескрипторларды дұрыс құру | наурыз |
| I тоқсан қорытындысы бойынша төмендегі сыныптарда білім сапасының төмендігіне байланысты 5 «Б» 47%, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, математика 47%.<br>5 «В» 45%. 7в 33% алгебра 44%.8ә 48% 8в 31% алгебра, геометрия 31%.<br>9б 33% алгебра 48%, биология 47%, геометрия 40%, русский язык 40% химия 38%.<br>9д 47% геметрия 47% 10а 40% алгебра, геометрия 40%. сабақтарға қатысу | Оқушылардың танымдық дағдыларының деңгейін анықтау, мұғалімнің оқыту әдісін зерделеу | 5-9 сынып оқушыларының сабаққа қатысуы, білім сапасы, пән мұғалімдері, ҚМЖ | Фронталды | Сыныптық-жалпылаушы бақылау/ ҚМЖ ларды талдау, сабақтарды бақылау | қараша | Директордың орынбасарлары | ДЖК | Әр тапсырмаларды орындауда білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін нақты критерийлер мен дескрипторларды дұрыс құру | наурыз |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ерекше білім беруде қажет ететін оқушылардың сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылардың жұмысын ұйымдастыр; | ЕББҚ бар оқушыларға логопедтік диогностикалық жұмыстар жүргізіліп,зерттеу хаттамалары толтырылады. | ЕББҚ бар оқушылардың ПМПК қорытындысы негізіндегі Логопед маманы бар оқушылар | Тақырыптық | Кешенді-жалпылаушы бақылау/Диагностика алу, талдау, сабақтарды бақылау | қараша | Тусупова Г.А. Торғаева А.К. Бекишева Б.Б. | ӘО | ЕББҚ ететін оқушылар үшін оқудағы қажеттіліктерін есепке ала отырып сапалы білім алуына жайлы жағдайлар жасау. | желтоқсан |

**III. БІЛІМНІҢ ОЛҚЫЛЫҚТАРЫН ТОЛТЫРУ ЖӘНЕ ТӨМЕН КӨРСЕТКІШТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ БАҚЫЛАУ**

| Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылау түрі | Бақылау әдістері | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Қарау орны | Басқару шылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс | Үлгерімі нашар оқушылармен уақтылы және тиімді жұмыс жасаудың тиімді тәсілдерін анықтау | Үлгерімі нашар оқушылрмен жұмыс жоспары | Фронталды | Талдау | Қараша | Торгаева А.К. Мельник Д.В. пән мұғалімдері | ОІЖО қатысумен жиналыс | Білім деңгейі жоғары оқушыларды үлгерімі нашар оқушыларға тьюторлық сүйемелдеу жасауға тарту. | желтоқсан |
| 4,8,9-сыныптардағы функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау | Оқушылардың оқу дағдыларындағы проблемалық бағыттарды айқындау мақсатында тест жұмыстарын алу | 4,8,9-сыныптардағы функционалдық сауаттылық деңгейі | Фронталды | Байқау тестерінің монитрингі, нәтижелердің талдауы | қараша | Торгаева А.К. Мельник Д.В. Махмутова Ш.М. Райымбекова Д.М. Акпарова Г.С. Кафедра меңгерушілері Пән мұғалімдері | Оқу-тәрбие орынбасары жанындағы отырыс | Сабақтарға өзара қатысу, сабақ жоспарларын бірлесіп әзірлеу, пән аралық байланыс орнату. | желтоқсан |
| Халықаралық зерттеулер, ББЖМ,ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі | Негізгі пәндерден байқау тестердің қорытындысы | 10-11 сынып | Тақырыптық | Электронды журнал, талдау | қараша | Торгаева А.К. Мельник Д.В. Акпарова Г.С. Серикпаева А.А.пән мұғалімдері | ДЖК | Дайындық жұмыстарын жалғастыру | ай сайын |

**IV. ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ**

| Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау нысаны | Бақылау түрі | Бақылау әдісі | Орындау мерзімі | Жауапты лар | Қарасты ра тын орны | Басқарушылық шешімі | Екінші қайтара бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Республикалық пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстары | Оқушылардың мектепішілік пәндік олимпиадаға дайындығын бақылау | Олимпиада ға қатысатын оқушылар | Ағымдық бақылау | Әңгімелесу, талдау | Қараша | Акпарова Г.С. | ӘК отырысы | Республикалық пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстарын жалғастыру | |
| Оқу жоспарының вариативтік бөлігінің жұмысы | Оқушылардың сабаққа қызығушылығын анықтау | Пән мұғалімдері | Ағымдық бақылау | Әңгімелесу, талдау | Қараша | Акпарова Г.С. | ӘК отырысы | Оқу жоспарының вариативтік бөлігінің жұмысының сапасын арттыру үшін жұмыстарды жалғастыру | |
| «Зерде» оқушылар қоғамының жұмысы | Оқушылардың ғылыми қоғамы мүшелерінің жарыстарға қатысуын бақылау | Жауапты мұғалімдер | Ағымдық бақылау | Әңгімелесу, талдау | Қараша | Акпарова Г.С. | ӘК отырысы | Әртүрлі деңгейдегі қатысушылар үшін тақырыптық кездесулер ұйымдастыру | |
| **V. МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЙЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІН БАҚЫЛАУ** | | | | | | | | | |
| «Қаржы әлемі» атты қаржылық сауаттылық апталығы | Құндылыққа негізделген білім беру арқылы оқушылардың қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік ойлауын дамыту | Оқу-тәрбие жұмысы | Тақырып тық | Сабаққа қатысу | Қараша | Тусупова Г.А. Торгаева А.К. Мельник Д.В. Акпарова Г.С. Кельдиярова Р.А. | Оқу-тәрбие орынбас ары жанында ғы отырыс | Шеберлік сыныбын өткізу, Lesson Study ұйымдастыру | Жыл бойы (басқа кафедралар мен) |
| **VI. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС –ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ** | | | | | | | | | |
| Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы | Оқушылардың сабаққа қатысуын және мектеп формасының сақталуын қадағалау | Оқушылар мен жұмыс | Тақырып тық | Бақылау | Күнделікті | Махмутова Ш.М. Райымбекова Д.М. Есенбекова А.С. Жүнісбек Т.У. | ДЖК | Оқушылардың сабаққа қатысуын және мектеп формасының сақталуын бақылауда ұстау | Күнделікті |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қыз балалардың мәдениеті мен өзін-өзі ұстау әдебін қалыптастыру жұмыстары | Қыз баланың ұлттық құндылықтарға негізделген мәдениетті мінез-құлықты қалыптастыру, өзін-өзі дұрыс ұстай білетін, жауапкершілігі жоғары, ұлттың абыройын сақтайтын тұлға тәрбиелеу | Оқушылар мен жұмыс | Тақырыптық | Әр-түрлі іс-шаралар | Қараша | Махмутова Ш.М. Райымбекова Д.М . Төлеген Г.Т. Орымбекова Г.Б Акпарова Г.С | ДЖК | Мектеп деңгейінде қыз балалардың мәдениеті мен өзін-өзі ұстау әдебін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүйесін жетілдіру, ұлттық құндылықтарға негізделген іс-шаралар жоспарын бекіту және оның орындалуын қадағалау. | Тоқсан сайын |
| Білім беру ұйымдарында психологиялық - педагогикалық колдау қызметтін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы | Буллинг/кибербуллинг жағдайларын уақтылы анықтау; зорлық-зомбылықты, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықты болдырмау | Психологтар | Фронталды | Құжаттамаларды зерделеу, сауалнамалар алу, сұқбаттасу | Қараша | Махмутова Ш.М. Райымбекова Д.М. Бимакашева К.С. Адамкожина Б.К. Есембекова А.С. Жүнісбек Т.У. | Оқу-тәрбие орынбасары жанындағы отырыс | Психологиялық-педагогикалық қызметінің жұмысын күшейту | Тоқсан сайын |
| 9-10 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жай-күйі | Кәсіптік бағдар бойынша жұмыс тиімділігін диагностикалау | Бірлескен жұмыс жоспары | Фронталды | Жоспарларды талдау | Қараша | Махмутова Ш.М. Райымбекова Д.М Серикпаева А.А. | ДЖК | Қосымша білім беру мекемелерімен, колледждерімен/жоғары оқу орындарымен серіктестік орнату | Қаңтар |
| Медицина қызметкерінің жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмысының нәтижелері | Білім алушылардың бірыңғай гигиеналық талаптарды сақтауын қамтамасыз ету | 1-11-сынып оқушылары | Тақырыптық | құжаттаманы зерделеу, сауалнама жүргізу, бақылау | Қараша | Махмутова Ш.М. Райымбекова Д.М. Сулейменова С. | Сынып жетекшілер отырысы | Оқушылардың гигиенаны сақтау талаптарын күшейту, «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы жүзеге асырсын | Ай сайын |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Алаңдаушылық шкаласы» әдісі | Оқушылардың психо-эмоционалды жағдайы | 8-11 сынып оқушылары | Тақырыптық | Сауалнама жүргізу, бақылау | Қараша | Бимакашева К.С. | ДЖК | Психологиялық-педагогикалық қызметінің жұмысын күшейту | |
| «Stop-буллинг» сауалнамасы | Оқушылар арасында буллингті анықтау | 6,9 сынып оқушылары | Тақырыптық | Сауалнама жүргізу, бақылау | Қараша | Бимакашева К.С. Адамкожина Б.К | ДЖК | Психологиялық-педагогикалық қызметінің жұмысын күшейту | |

Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Торгаева А.К.

**Директор жанындағы кеңес жоспары**
**2025-2026 оқу жылы қараша**

| № | Күн тәртібі | Жауаптылар | Басқарушылық шешім |
|---|---|---|---|
| | | **Қараша** | |
| 1 | ҰБДҚ, «Bilimal» журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуы | Торгаева А.К.<br>Мельник Д.В.<br>Адамбекова Д.С. | Анықтама |
| 2 | Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы | Есенбекова А.С.<br>Жүнісбек Т.У. | Анықтама |
| 3 | Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабағында инновациялық технологиялардың қолдануы | Торгаева А.К.<br>Токбалина М.Б.<br>Рахимова Б.И.<br>Искандирова Ф.М. | Анықтама |
| 4 | Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытылуы жағдайын зерделеу (5-11 сыныптар) | Мельник Д.В.<br>Торгаева А.К.<br>Азбаева Л.Х. | Анықтама |
| 5 | І тоқсан қорытындысы бойынша төмендегі сыныптарда білім сапасының төмендігіне байланысты 5 «Б» 47%, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, математика 47%.<br>5 «В» 45%. 7в 33% алгебра 44%.8ә 48%<br>8в 31% алгебра, геометрия 31%.<br>9б 33% алгебра 48%, биология 47%, геометрия 40%, русский язык 40% химия 38%.<br>9д 47% геметрия 47% 10а 40% алгебра, геометрия 40%. сабақтарға қатысу | Тусупова Г.А.<br>Мельник Д.В.<br>Торгаева А.К.<br>Акпарова Г.С. | Анықтама |
| 6 | Халықаралық зерттеулер, ББЖМ,ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі | Торгаева А.К.<br>Мельник Д.В.<br>Акпарова Г.С.<br>Серикпаева А.А. | Анықтама |
| 7 | Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы | Махмутова Ш.М.<br>Райымбекова Д.М.<br>Есембекова А.С.<br>Жүнісбек Т.У. | Анықтама |
| 8 | Қыз балалардың мәдениеті мен өзін-өзі ұстау әдебін қалыптастыру жұмыстары | Махмутова Ш.М.<br>Райымбекова Д.М<br>Сынып жетекшілер | Анықтама |
| 9 | 9-10 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жай-күйі | Серикпаева А.А. | Анықтама |
| 10 | «Алаңдаушылық шкаласы» әдісі | Бимакашева К.С. | Анықтама |
| 11 | «Stop- буллинг» сауаланамасы | Бимакашева К.С.<br>Адамкожина Б.К | Анықтама |

Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Торгаева А.К.

Электрондық журналдың толтырылуын тексеру нәтижесі және ҰБДҚ бойынша анықтама

Зерттеу объектісі: «Bilimal» электрондық журналы.
Зерттеу мерзімі: 2025ж. караша
Тексеру мақсаты: сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің электрондық журналды уақтылы толтыру жұмысын тексеру.
Бақылау нысаны: жаппай.
Тексерді: менеджер.
Мектеп құжаттамасының жүргізілуін мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің 2–11-ші сыныптың электрондық журналының уақтылы толтырылуы тексерілді.

<table>
<tr><th>№</th><th>Сынып</th><th>Мұғалімнің Т. А.Ә.</th><th>Пән атауы</th><th colspan="2">Ескерту</th></tr>
<tr><td>1</td><td>3 «Б»</td><td>Шиганбаева Г.К.</td><td>Қазақ тілі</td><td>14.11 нен бастап</td><td rowspan="9">**Баға қойылмаған**</td></tr>
<tr><td>2</td><td>3 «Г»</td><td>Битжанова Т.Б.</td><td>Қазақ тілі</td><td>17.11 бастап</td></tr>
<tr><td>3</td><td>5 «А»</td><td>Бимакаева Г.Ж.</td><td>Математика</td><td>11.11,12.11,13.11,21.11күндері</td></tr>
<tr><td rowspan="2">4</td><td rowspan="2">5 «В»</td><td rowspan="2">Тлеукен Г.С.</td><td>Қазақстан тарихы</td><td>10.11 бастап</td></tr>
<tr><td>Дүниежүзі тарихы</td><td>5.11 бастап</td></tr>
<tr><td>5</td><td>7 «А»</td><td>Қосыбаев Р.К.</td><td>Химия</td><td>Үй тапсырмасы жазылмаған</td></tr>
<tr><td rowspan="2">6</td><td rowspan="3">7 «Ә»</td><td rowspan="2">Төлеуқадыр Ә.Ж.</td><td>Алгебра</td><td>17.11 бастап</td></tr>
<tr><td>Геометрия</td><td>18.11 бастап</td></tr>
<tr><td>7</td><td>Игембаев Р.К.</td><td>Қазақстан тарихы</td><td>18.11 бастап</td></tr>
</table>

**Тұжырымдар**: Жоғарыда көрсетілген тізімде, КТП-да үй тапсырмасын жазбаған ағымдағы бағаны уақытылы қоймаған пән жетекшілер. Журналды толтыру әдеттегідей жүргізіліп жатыр. Әр қызметкердің, оқушының электронды журналға кіру үшін берілген жеке логин парольдары, құпия сөздерін өзгерту жұмыстары жүргізілді.
**Ұсынымдар:** Электронды журналды уақытылы мұқият толтыруды қамтамасыз ету.

ҰБДҚ бойынша жүргізілген жұмыстар

Контингенттегі оқшылардың оқу үлгерімі, ауысымы, келген-кеткен оқушылар туралы мәліметтер, қосымша білім беру орталығы, өнер мектебі, БЖСМ бару туралы мәліметтерді енгізу жұмыстары жүргізілді. Қызметкерлер жөнінде де мәліметтер енгізілді.

Анықтаманы құрастырған менеджер ________ / Адамбекова Д.С.

**Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы бойынша анықтама**
**2025-2026 оқу жылы (қараша)**

**Зерттеу объектісі: Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы**

**Зерттеу мерзімі:** 2025 жылғы 3–28 қараша

**Тексеру мақсаты:** Мектеп асханасының оқушыларды тамақтандыру сапасын қарау

**Бақылау нысаны:** тақырыптық.

**Тексергендер:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагогтер.

2025-2026 оқу жылы қараша айы бойынша мемлекет бюджетінен тегін тамақтанатын оқушы саны –483. Бастауыш сыныптар – 433, 5-11 сыныптар – 50 оқушы. Тегін тамақтанатын оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын әлеуметтік педагогтер қарайды. Қарағанды облысы Білім басқармасы бекітіп берген ас мәзірі бойынша асханада оқушыларға ас дайындалады. Мәзірге сәйкес ас беріліп, қадағаланады.

Оқушылардың уақытылы тамақтанып, сабақтарына үлгеруі үшін тамақтану кестесі құрылған.

Мектеп асханасында 100 орын бар. Оқушылардың қол жуатын жері ұйымдастырылған. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киімі санитарлық талапқа сай. Оқушыларға берілетін тамаққа күнделікті бақылауды мектеп медбике жүргізеді. Комиссиялардың құрамына ДТІЖО, ата-аналар комитетінің төрайымы, әлеуметтік педагог, медбике, қамқоршылық кеңесінің төрайымы кіреді. Комиссияның жұмысы Бракераждық комиссия туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады, жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Бракераждық комиссия айына 2 рет асхана жұмысын бақылап, нәтижесі акт түрінде рәсімделеді. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу көлеміне мониторинг жүргізіліп отырылады

Ұсыныс: 1.Дәрумендi тағамдардың денсаулыққа пайдасы мол екендігі жөнінде оқушылардың түсініктерін кеңейту.

Әлеуметтік педагогтер: А.С.Есембекова
Д.М. Сағынаева

**Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімдерінің қараша айында қазақ тілі сабақтарына қатысуы бойынша**

**АНЫҚТАМА**

**2025–2026 оқу жылы**

Зерттеу объектісі: сабаққа қатысу
Зерттеу мерзімі: 2025 жылғы қараша айы
Бақылау нысаны: жаппай
Тексерді:
Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Торгаева А.К.
Бастауыш сынып кафедрасының меңгерушісі: Токбалина М.Б.
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші: Искандирова Ф.М.
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші: Рахимова Б.И.

Нормативтік-құқықтық негіз:

Анықтама төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып жасалды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»
ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы.

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»
ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.

Аталған құжаттар сабақ мазмұнының, күтілетін нәтижелердің, баланың білім жетістіктерін бағалаудың және оқу жүктемесінің стандарттарға сәйкестігін талдау барысында негізге алынды.

14.11.2025 ж. — Шиганбаева Гүлден Қыдыралиевна
3 «Б» сыныбы (21 оқушы)
Пәні: Қазақ тілі
Тақырыбы: *Түбірлес сөздер*
Мақсаты: Негізгі түбірге жұрнақ жалғау арқылы туынды сөз жасау және түбірлес сөздердің мағынасын ажырату.

Сабақ барысы:

Психологиялық ахуал орнатылып, өткен тақырып сұрақ-жауап арқылы пысықталды.
Оқулықпен жұмыс жүргізіліп, жаңа сабақ түсіндірілді.
Нейрожаттығулар арқылы сергіту сәті өткізілді.
4-жаттығу бойынша сөйлемдер құрасты.
Суретпен жұмыс жасап, түбірлес сөздерді анықтады. «Көктем» тақырыбында қысқаша диктант жаздырылды.

Кері байланыс берілді.
Бағалау «Банкомат» әдісі арқылы жүргізілді.
Ұсыныс: АКТ мен ЖИ құралдарын көбірек қолдану.
Қорытындылаған: Тоқбалина М.Б.
18.11.2025 ж. — Муханова Анастасия Алексеевна
3 «Г» сыныбы (11 оқушы)
Пәні: Орыс тілі
Тақырыбы: *Высказывание. Моё любимое время года*
Сабақта К. Ушинскийдің мәтіні талданып, Абай өлеңдерінен үзінділер оқылды, оқушылар негізгі ойды анықтады. Топтық және жұптық жұмыстар ұйымдастырылды, сергіту сәті өткізілді. Бағалау «Жетістік сызғышы» арқылы жүргізілді.
Ұсыныс: Көрнекілік пен қызықты әдіс-тәсілдерді көбейту.
Қорытындылаған: Тоқбалина М.Б.
19.11.2025 ж. — Есенбекова Айгүл Жәгіпаровна
3 «Ә» сыныбы (22 оқушы)
Пәні: Қазақ тілі
Тақырыбы: *Түбір мен қосымшаның жазылуы*
Өткен материал пысықталып, 36–38-жаттығулар орындалды. Қосымша карточкалармен жұмыс ұйымдастырылды. «Қарлы кесек» әдісі арқылы сұрақтарға жауап берілді. Ребус шешілді.
Бағалау «Мега ми» әдісімен жүргізілді.
Ұсыныс: АКТ қолдану.
Қорытындылаған: Тоқбалина М.Б.
11.11.2025 ж. — Смаилова Жанаткүл Арыстанбековна
3 «В» сыныбы (21 оқушы)
Пәні: Қазақ тілі
Тақырыбы: *Түбір сөз және туынды сөз*
Өткен тақырып қайталанып, үй жұмысы тексерілді. 18–21-жаттығулар орындалды. Ә. Қастеев туралы мәтінмен жұмыс арқылы туынды сөздер анықталды. Сабақ дескриптор бойынша медальдармен бағаланды.
Ұсыныс: Көрнекілік пен АКТ қолдануды күшейту.
Қорытындылаған: Искандирова Ф.М.
20.11.2025 ж. — Жүнісбек Табиғат Уахитқызы
2 «В» сыныбы (23 оқушы)
Пәні: Қазақ тілі
Тақырыбы: *Сөйлем дегеніміз не?*
Сабақта бейнеүзінді көрсетіліп, диалогтық жұмыс жүргізілді. 24–28-жаттығулар орындалып, сергіту сәті жасалды. Бағалау «Баскетбол» әдісімен жүргізілді.
Ұсыныс: Оқушылардың оқу қарқынын арттыру мақсатында қосымша жаттығулар ұйымдастыру.
Қорытындылаған: Рахимова Б.И.

Қосымша бөлім: Қазақ тілі пәні бойынша дәптер тексеру

2025 жылдың қараша айында бастауыш сыныптардың қазақ тілі пәні бойынша оқушы дәптерлері тексерілді.

Тексеру нәтижесі:

Дәптерлердің безендірілуі жалпы талаптарға сәйкес.

Күнделікті жазбалар жүйелі, тапсырмалар толық орындалған.

Көптеген сыныптарда тыныс белгілері мен орфографиялық нормаларды сақтауда ұқыптылық байқалады.

Кейбір оқушыларда сөздерді дұрыс тасымалдау мен каллиграфияны сақтау бойынша түзету жұмыстарын күшейту қажет.

Мұғалім тарапынан кері байланыс, түзету, тексеру белгілері уақтылы қойылған.

Ұсыныстар:

Дәптерді ұқыпты жүргізу дағдысын нығайту.

Әр сабақтан кейін қысқа рефлексиялық жазба енгізу.

Күрделі сөздердің орфограммалары бойынша жеке жұмыс жүргізу.

САБАҚҚА ҚАТЫСУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Талдау барысында сабақтар мемлекеттік стандарттың (№348 бұйрық), үлгілік оқу жоспарының (№500 бұйрық) және пәндік оқу бағдарламаларының (№399 бұйрық) талаптарына сәйкес екені анықталды.

1. Тілдік дағдылардың қалыптасуы

Сабақтарда айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым дағдылары жүйелі түрде дамыған. Оқушылар тапсырмаларды дескрипторларға сәйкестендіріп орындайды.

2. Оқу бағдарламасына сәйкестік

Барлық сабақтар оқу бағдарламасының бөлімдері мен бөлімшелеріне сай жүргізілген. Түбір мен қосымшаны, түбірлес сөздерді, туынды сөздерді меңгерту – №399 бұйрықтағы бастауыш қазақ тілі оқу бағдарламасындағы "Лексика" және "Сөзжасам" бөлімдерімен толық сәйкес келеді.

Сөйлем және оның түрлерін меңгерту – "Синтаксис" бөлімінің талаптарына сай.

3. Оқыту әдістері

Мұғалімдер тарапынан нейрожаттығулар, сергіту сәттері, ойын технологиялары, сұрақ-жауап, топтық-жұптық жұмыстар сияқты белсенді әдістер кең қолданылған.

Бағалау формативті бағалау талаптарына сай («банкомат», «баскетбол», «мега ми», «жетістік сызғышы»).

4. Оқушының оқу жетістігін бағалау

Бағалау әдістері ҚР МЖМБС-2022 (Мемлекеттік стандарт) талаптарына сай:

бағалау критерийлері анық;

дескрипторлармен жұмыс жүргізілген;

кері байланыс ұйымдастырылған.

ДӘПТЕР ТЕКСЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Бастауыш сыныптардың қазақ тілі пәні бойынша дәптерлері тексерілді және төмендегідей нәтижелер анықталды:

1. Дәптерді жүргізу мәдениеті

Көпшілік оқушыларда дәптерді безендіру стандартқа сай.
Жазу көркемдігі мен орфографиялық сауаттылық жалпы алғанда қалыпты деңгейде.
2. Бағдарламалық материалдың орындалуы
Барлық сыныптарда дәптерлер оқу бағдарламасының (№399 бұйрық) жаттығу көлеміне сәйкес.
Жаттығулар ретімен және жүйелі орындалған.
3. Мұғалімнің тексеруі
Мұғалімдер тарапынан ескертулер, түзетулер, мадақтаулар дер кезінде қойылған.
Қателерді талдау жұмыстары жүргізілген.
4. Кемшіліктер
Кейбір оқушыларда дыбыстық-әріптік талдауда, сөзді тасымалдауда, тыныс белгілерінде қателіктер байқалады.
Жазу қарқыны баяу оқушылар бар (әсіресе 2-сынып).

ҰСЫНЫСТАР

(Нормативтік құжаттар талаптарына сүйене отырып)
Педагогтерге:
АКТ мен цифрлық білім ресурстарын сабақта жүйелі қолдану.
Оқушылардың оқу, жазу дағдыларын арттыру үшін дифференциалды тапсырмалар ұсыну.
Дәптерді дұрыс және көркем жазу мәдениетін қалыптастыру мақсатында каллиграфиялық минуттар енгізу.
Бағалау жүйесінде критериалды бағалаудың барлық компоненттерін (мақсат, критерий, дескриптор, кері байланыс) толық қолдану.
Сабақта көрнекіліктер мен интерактивті әдістердің үлесін арттыру
Оқушыларға:
Тапсырмаларды орындауда орфографиялық ережелерге мұқият болу.
Сөзжасам және синтаксис бойынша күрделі мысалдармен жеке жұмыс жүргізу.
Оқылған мәтіндер бойынша қысқа мазмұндама, жоспар құру дағдыларын жетілдіру.

Қорытынды

Сабаққа қатысу мен дәптер тексеру нәтижелері көрсеткендей, бастауыш сыныптардағы қазақ тілі пәні бойынша оқу-тәрбие үдерісі мемлекеттік стандарт, үлгілік оқу жоспары және үлгілік оқу бағдарламалары талаптарына негізделе отырып ұйымдастырылған. Мұғалімдердің кәсіби қызметі жүйелі, оқу процесі сапалы жүргізілуде.

Орындаған:
Бастауыш сынып кафедрасының меңгерушісі
Тоқбалина М.Б.

**5-11 сыныптарда «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқытылуын зерделеу туралы анықтама**

**Бақылау тақырыбы:** қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің оқытылуы жағдайын зерделеу (5-11 сыныптар)

**Бақылау мақсаты:** оқушылардың танымдық дағдыларының деңгейін анықтау, мұғалімнің оқыту әдісін зерделеу

Қараша айында 5-11 сыныптарда **«Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәнінің** оқытылуын зерделеу барысында кафедра мүшесі педагог-зерттеуші Г.Б.Толтаева мен кафедра жетекшісі, педагог-зерттеуші Л.Х.Азбаева ұстаздардың сабақтарына қатысты.

Кафедрада 14 мұғалім жұмыс жасайды. 21,4 % педагог-зерттеуші, 14,2 % педагог-сарапшы, 42,8 % педагог-модератор, 21,4 % педагог.

Мақсатқа сай қазақ тілінің оқытылу деңгейін, оның оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудағы рөлін және педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімділігін бағалауы зерделенді.

Сондай-ақ оқушылардың тілге деген қызығушылығы мен оларды оқытуға деген көзқарас, жазу, сөйлеу, тыңдау және оқылым дағдыларын дамытуға баса назар аударылды.

Сабақты зерделеу барысында мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс, мұғалімнің сөйлеу мәнері, тапсырмаларды мақсатқа сай құра алуы, сабақтың құрылымын сақтау, рефлексия, кері байланыс, ҚМЖ талапқа сай жазылуы жөнінде әдістемелік көмек, зерделеу барысында педагог-зерттеушілер тарапынан үлгілік сабақтар көрсетілді.

Оқушының төрт дағдыны меңгеруі үшін тапсырмалардың мақсатқа сай алынуы, қосымша жұмыстар жүргізу, игере алмай жатқан оқушылар үшін қосымша тапсырмалар жасау, өз ойын жүйелі жеткізуде оқылым дағдыларын меңгерту жолдары түсіндірілді.

Цифрлық құралдарды пайдалану бойынша кафедрада МТБ толық емес. Ұстаздар барынша өз көрнекіліктерімен, оқушылардың смартфон арқылы жұмыс жасауына ықпал етеді.

**Ұсыныстар:**

- Қазақ тілі мен әдебисті сабағында интерактивті әдістерді (талқылаулар, жобалық жұмыстар, диалогтық оқыту, рөлдік ойындар) қолдану арқылы оқушылардың қатысуын арттыру. Сондай-ақ, құзыреттілік тәсілі мен сыни ойлауды дамыту бойынша әдістерді енгізу.
- Оқушыларға мәтін жазу, пікірталастарға қатысу, эссе жазу сияқты шығармашылық жұмыстарды жиі ұйымдастыру, сөйлеу мәдениетін дамытуға назар аудару.
- Қазақ тілінде арналған викториналар, тілдік ойындар мен квесттер ұйымдастыру.

5-11 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытуы зерделеуде ұстаздар заманауи педагогикалық әдістерді, жаңа технологияларды пайдалануы қажет. Сонымен қатар, қазақ тілін оқыту процесінде оқушылардың белсенділігін арттыруға және олардың тілдік дағдыларын дамытуға көңіл бөлу маңызды. Ұстаздарға әлі де жекелеме оқушылармен жұмыс жасау нұсқалды. Тәжірибие алмасу, әдістемелік көмек, сыншы дос ретінде бір-бірінің сабақтарына қатысып, талқылау қажет.

Мемлекеттік тіл кафедрасының жетекшісі: Л.Х.Азбаева

28.11.2025ж.

# АНЫҚТАМА

## МАҚСАТЫ

5Б, 5В. 7В, 8Ә, 8В, 9Б, 9Д, 10А сыныптарында I тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасының төмендігіне байланысты 2-тоқсанда өткізілген білім кесіндісінің (срез) нәтижелерін талдау, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС) орындаудың қажеттілігін негіздеу және білім сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

## МІНДЕТТЕРІ

Оқушылардың соңғы екі аптада өткен тақырыптарды игеру деңгейін анықтау.
Білім олқылықтарының себептерін анықтау және түзету шараларын белгілеу.
МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жүктемесін, бағалау жүйесін және оқыту әдістерін сақтауды қамтамасыз ету.
Пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне және психологқа нақты ұсыныстар беру.

## МЖМБС ОРЫНДАУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты – оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастырудың негізгі құжаты. Оны орындау:

- Оқу бағдарламасының толық игерілуін;
- Бағалаудың әділдігі мен объективтілігін;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын;
- Мектептің жалпы рейтингін және түлектердің ЖОО/колледжге түсу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Төмен білім сапасы – МЖМБС талаптарының бұзылуына әкеліп соғады.

## БІЛІМ КЕСІНДІСІНІҢ ҚЫСҚАША НӘТИЖЕЛЕРІ

| Сынып | Пән(дер) | Қатысқандар / Жалпы | Сапа (%) | 1-тоқсаннан өзгеріс | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 5Б | Қазақ тілі | 16/18 | 62% | **+15%** | "3" – 37,5% |
| | Қазақ әдебиеті | 17/18 | 76% | **+29%** | |
| 7В | Алгебра | 16/18 | 50% | **+17%** | "2" – 4 оқушы |
| 8В | Алгебра | 17/18 | 24% | **-7%** | "0" – 3, "2" – 8 |
| | Геометрия | 18/18 | 56% | **+25%** | |
| 9Б | Алгебра | 12/15 | 42% | **-6%** | Ерекше білім – 2 |
| | Геометрия | 12/15 | 67% | **+27%** | |
| | Химия | 10/15 | 20% | **-18%** | Әлсіз |
| | Биология | 10/15 | 60% | **+13%** | Үй жұмысы орындалмайды |
| 9Д | Геометрия | 14/17 | 14% | **-33%** | Күрт төмендеу |
| 10А | Алгебра және анализ бастамалары | 20/25 | 70% | **+30%** | |

Жалпы тенденция: 10 сыныптан 6-да өсім, 4-де төмендеу.

## ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ҰСЫНЫСТАР

| Пән / Сынып | Мұғалім | Ұсыныс |
|---|---|---|
| Қазақ тілі және әдебиеті (5Б) | **Аупешова Н.К.** | "3" алған 6 оқушыға жеке жұмыс; мәтін талдауды күшейту; аптасына 1 қосымша сабақ. |
| Математика (7В) | **Жаппарова Ф.Т.** | "2" алған 4 оқушыға (Жұмағұл Е., Марал Б., Алмазұлы М., Рамазан Ә.) формула картасымен қайталау. |
| Алгебра және геометрия (8В) | **Тоқмади Б.Е.** | "0" алған 3 оқушының аты-жөнін анықтау; алгебрада топтық түзету; геометрия тәжірибесін (сызба) қолдану. |
| Математика (9Б) | **Төлеуқадыр Ә.Ж.** | "2" алған 5 оқушыға жеке жоспар; ерекше білім қажеттілігі |

| | | |
|---|---|---|
| | | бар 2 оқушыға жеңілдетілген тапсырма. |
| Химия (9Б) | **Абдрахманова Г.М.** | "0" алған 1 оқушыға жеке тест; формула + тәжірибе сабақтарын күшейту. |
| Биология (9Б) | **Амир Р.А.** | Үй жұмысын күнделікті тексеру; мнемоника әдісі; ата-анамен байланыс. |
